

Армения Республикасының Президенті Р.Кочарянның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 қарашадағы N 312-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты тереңдету, 2006 жылғы 6 - 7 қараша кезеңінде Астана қаласында Армения Республикасының Президенті Роберт Кочарянның Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
осы өкімге қосымшаға сәйкес Армения Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;
сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Армения Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Армения Республикасының Президенті Роберт Кочарянның арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форум ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

7. Астана қаласының әкімі Армения Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, баратын орындарында бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама мен ресми қабылдаулар ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана қаласының әуежайында және "Ақорда" Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында Армения Республикасының Президенті Роберт Кочарянды қарсы алу және шығарып салу рәсімдеріне қатыссын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1

қ а р а ш а д а ғ ы

№

3 1 2 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Армения Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Армения Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос-Президент Отель" қонақ үйінде 1+1+10 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астана қаласында "Риксос-Президент Отель" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімін (бейдждер, автомобильге арналған рұқсаттамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Армения Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Іс-шаралар өткізілетін орындарды гүлмен безендіру.

6. Армения Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Армения Республикасының Президенті Роберт Кочарянның құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

8. Астана қаласында Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының

іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізу үшін қажетті, залды, слайд-проекторды, компьютерлерді, құлақшаларды, микрофондарды жалға алуға, кофе-брейктерге, кеңсе тауарлары мен минералды суға ақы төлеу.

9. Армения Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға болатын орындарында медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ